

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 14 мамырдағы № 611 Қаулысы

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 20-бабы 2-тармағының бірінші сөйлеміне сәйкес Мемлекет басшысының қатысуымен өтетін Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің IV съезі іс-шараларының өтуін болдырмау қаупін төндірген қалыптасқан жағдайға байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ** **ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігіне 2012 жылға арналған республикалық бюджетте шұғыл шығындарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен Рубеж бекетінен Ақмол кентіне дейін Қорғалжын тас жолын жөндеуге 463 614 000 (төрт жүз алпыс үш миллион алты жүз он төрт мың) теңге сомада қаражат бөлінсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.11.30 № 1522 Қаулысымен**

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*  
*Премьер-Министрі                      К. Мәсімов*